



БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы

22 қыркүйек 2021 жыл қ.

Қазақстан қор биржасында Еуразиялық даму банкінің "жасыл" облигациялары сәтті орналастырылды

2021 жылдың 21 қыркүйегінде Еуразиялық Даму Банкі (ЕАДБ) қазақстандық қор биржасында (KASE) үш жылдық "жасыл" KZ2D00008083 (EABRb21) облигацияларын жылдық 10,5 %-бен орналастырып, 20 млрд теңге тартты.

"Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ деректеріне сәйкес, облигациялардың 30 %-ын – брокерлік-дилерлік ұйымдар, басқа институционалдық инвесторлар – 27,2 % және өзге заңды тұлғалар – 42,8 %-ын сатып алды. Сауда-саттықты өткізуге бастамашы "Фридом Финанс" АҚ болды.

Еуразиялық даму банкінің (EABRb21) облигацияларының Биржадағы сауда-саттығы бүгін, 2021 жылдың 22 қыркүйегінде "Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары" секторында ашылады. KASE сауда-саттық жүйесінде көрсетілген облигациялардың баға белгілеу дәлдігі номиналдан пайызбен көрсетілген облигацияның "таза" бағасының төртінші ондық белгісіне дейін белгіленген, баға белгілеу валютасы – қазақстандық теңге.

"Биржа біздің елде пайда болып келе жатқан жауапты инвестициялау трендін қолдайды. "Жасыл" бондтарды шығара отырып, ұйымдар бірқатар маңызды артықшылықтарға ие болады: Биржада орналастырудың жеңілдікті жағдайларынан басқа, эмитент өзінің имиджін жақсартады, осылайша жаңа инвесторлардың ағынын ұлғайтады және экожобалар үшін қосымша ресурстарды тартады. Бүгінгі таңда біздің Биржада үш эмитенттің ESG-облигациялары орналастырылған. ЕАДБ "жасыл" облигацияларын шығару 20 млрд теңгені – барынша қаржыландыруды тартты және елдің қор нарығы үшін қазақстандық экономиканың тұрақты даму қағидаттарының маңыздылығын арттыратын маңызды оқиға болып табылады. ЕАДБ табысты тәжірибесі ESG-қаржы құралдарының басқа елеуетті эмитенттері үшін бағдар және үлгі болады деп үміттенемін. Біз өз тарапымыздан листинг ережелері мен сауда тәртіптемелерін одан әрі жетілдіруге және тұрақты дамудың үздік тәжірибелерін таратуға белсенді түрде жәрдемдесуге дайынбыз", – деп атап өтті KASE Басқармасының төрайымы Алина Алдамберген.

"Бұл Банктің ESG сегментіндегі дебюттік шығарылымы. Орналастыру шеңберінде тартылған қаражатты біз Қазақстан аумағындағы ESG-жобаларды қаржыландыруға жұмсауды жоспарлап отырмыз. 2021 жылы ЕАДБ ESG саласында озық халықаралық тәжірибені дамытуды жалғастырды. Қазіргі уақытта банкте экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік пен корпоративтік басқару саласындағы жаңа ішкі корпоративтік саясат әзірленді, ол ESG критерийлері бойынша инвестицияларды бағалау қағидалары мен рәсімдерін белгілейді. Сондай – ақ, біз ESG-жобалары бойынша облигацияларды орналастыруға және тартылған қаражатты пайдалану бойынша инвесторлар алдында есеп беруге мүмкіндік беретін "жасыл" және әлеуметтік борыштық құралдарды шығару жөніндегі Framework – саясатын қалыптастырдық", – деп мәлімдеді ЕАДБ Басқармасының төрағасы Николай Подгузов.

Естеріңізге сала кетейік, KASE-де "жасыл" облигациялардың алғашқы шығарылымы 2020 жылдың қараша айында өтті, эмитент 13,96 млрд теңгені, оның ішінде климаттың өзгеруіне бейімделу және оның Қазақстандағы әсерін жұмсарту бойынша жобалар портфелін қаржыландыру үшін тартты.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржаларының арасында екінші орынды және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша бесінші орынды алады.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетелдік валюталар, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ "Қор биржалары тұрақты даму үшін" Бастамасының қатысушысы болып табылады.

Еуразиялық Даму Банкі (ЕАДБ) – Еуразия кеңістігінде инвестициялық қызметті жүзеге асыратын халықаралық қаржы ұйымы. ЕАДБ 15 жылдан бері экономикалық байланыстарды нығайтуға және кеңейтуге және қатысушы елдердің: Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстанның жан-жақты дамуына ықпал етіп келеді. ЕАДБ жарғылық капиталы 7 млрд АҚШ долларын құрайды. ЕАДБ портфеліндегі негізгі үлесті көлік инфрақұрылымы, цифрлық жүйелер, жасыл энергетика, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және машина жасау салаларындағы интеграциялық әсері бар жобалар алады. Банк өз қызметінде БҰҰ-ның Орнықты даму саласындағы мақсаттарын және ESG қағидаттарын басшылыққа алады.

ЕАДБ баспасөз орталығының байланыстары:

Азима Сапарғалиева, +7 (777) 750 00 08 (Алматы)

Сергей Горбачёв, +7 (916) 727 22 00 (Москва)

pressa@eabr.org

KASE Маркетинг және PR бөлімінің байланыстары:

+7 (727) 237 5342 (Алматы)

pr@kase.kz